

ISSN 1999-4214

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 3/2021

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Nur-Sultan, 2021

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Редакция алқасы

- Аймұхамбет Ж.Ә.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Ақтаева К.** ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
- Әбсадық А.А.** ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Бредихин С.Н.** ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** ф.ғ.к., доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
- Ермекова Т.Н.** ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- Есиркепова К.Қ.** ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Жүсіпов Н.Қ.** ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
- Курбанова М.М.** ф.ғ.д., проф., Алишер Наваи атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
- Қамзабек Д.** ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Құрысжан Л.Ә.** ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
- Онер М.** ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Туркия
- Пименова М.В.** ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген № 1854-Ж 27.03.2001
Басуға 25.10.2021ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 86
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-
Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

- Аймухамбет Ж.А.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Актаева К.** д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
- Абсадық А.А.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Бредихин С.Н.** д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
- Ермекова Т.Н.** д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
- Есиркепова К.К.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Жусипов Н.К.** д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
- Курбанова М.М.** д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
- Камзабек Д.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Курсыжан Л.А.** д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
- Онер М.** д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
- Пименова М.В.** д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан № 1854-Ж 27.03.2001.
Подписано в печать 25.10.2021ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ №86
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities
Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editorial Board

- | | |
|-------------------------|--|
| Aimuhambet Zh.A. | D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan |
| Aktayeva K. | D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland |
| Absadyk A.A. | D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan |
| Bredikhin S.N. | D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF |
| Гайнуллина Ф.А. | C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan |
| Yermekova T.N. | D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan |
| Yesirkepova K.K. | D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan |
| Zhusipov N.K. | D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan |
| Kurbanova M.M. | D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan |
| Kamzabek D. | D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan |
| Kartayeva A.M. | D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan |
| Kuryszhan L.A. | D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seoul, South Korea |
| Oner M. | D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey |
| Pimenova M.V. | D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF |
| Seifullina F.S. | D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF |

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan № 1854-Ж 27.03.2001.

Signed for printing 25.10.2021 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 86

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

| | |
|--|---|
| АБИШЕВА К.М., НУРЖАНОВА З.М. | КОГНИТИВНО-МАТРИЧНЫЙ АНАЛИЗ РОЛИ АВТОРА В ФОРМИРОВАНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗА ПЕРСОНАЖА КАК ОБЪЕКТА ПОЗНАНИЯ.....6 |
| МАУКАРА А.С. | РОЛЬ ВИДОВОЙ ОСОБЕННОСТИ ЭКЗОТИЗМОВ В ПЕРЕДАЧЕ КУЛЬТУРНОГО СМЫСЛА (на материале романа Х. Хоссейни «Бегущий за ветром»)18 |
| НУРГАЛИ К.Р., ЖУМСАКБАЕВ А.Т. | ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДРАМЫ А.П. ЧЕХОВА24 |

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

| | |
|--|--|
| АВАГАНОВА А.О., НАДЖИЕВА F.S., НУРГАЛИ К.Р. | ANALYSIS OF THE ART SPACE AND TIME AS THE BASIS FOR THE INTERRUPTION OF THE ART WORLD OF THE PELEVIN NOVEL34 |
| АЛИМБАЕВ А.Е. | ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛФАШҚЫ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ43 |
| АМАҒАЗЫҚЫЗЫ М., САҒУЛЫНА F.S. | MODELS OF WORLD CAPITALS IN THE PROSE OF THE XXI CENTURY54 |
| БАТАН С. | ШӘКӘРІМ ЖӨНІНДЕГІ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....60 |
| ЛЕЙМЕНОВА К.М. | ФОЛЬКЛОРНЫЕ ТРАДИЦИИ В ТВОРЧЕСТВЕ С. САНБАЕВА (на примере повестей «Белая Аруана» и «Когда жаждают мифа»)65 |
| МАЖИТОВА Д.М. | МОТИВЫ ФОЛЬКЛОРНОГО ЭПОСА В ПОЭЗИИ СЕРГЕЯ ЕСЕНИНА.....73 |

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

| | |
|----------------------|---|
| МУКАШЕВА М.К. | ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН Қ. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ81 |
|----------------------|---|

С. БАТАН

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: sunkarbekbatan@gmail.com)

ШӘКӘРІМ ЖӨНІНДЕГІ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аңдатпа. Өткен ғасырдың сексенінші жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымының негізі міндеті алаш қайраткерлерінің әдеби мұрасынжан-жақты қырынан зерттеп, қайта жариялау болды. Осы уақытта Ш. Құдайбердіұлы мұрасы төңірегінде де іргелі зерттеулер жасала бастады. Дегенмен, ақын мұрасын ақтаумен оны зерттеу ісіне алғашқылардың бірі болып ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап кіріскен әдебиеттанушы М. Базарбаев еді. Ғалым Шәкәрім жайлы зерттеулерін бірнеше жылдар бойы жасырын болса да толықтырып, жетілдіріп отырған. Мақалада М. Базарбаевтың жеке мұрағатындағы материалдар мен зерттеу еңбектерін жеке қарастырып отырмыз. Зерттеуші ақынның шығармашылығы жайлы батыл ғылыми пайымдаулар жасайды, оны өлеңдерінен алынған мысалдар арқылы дәйектейді.

Түйін сөздер: поэзия, әдебиеттану, Шәкәрім, Мүсілім Базарбаев.

Кіріспе. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында бір топ алаш зиялылары ресми ақталып, шығармашылығы зерттеліп, ұлттық әдебиетіміз рухани мұралармен толыға түсті. Олардың қатарында Шәкәрім мұрасының да жан-жақты зерттеліп, жариялануын айтуымыз керек. Жалпы алаш қайраткерлерінің мұраларын бастырып, жариялауда М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының орыны ерекше. Осы кезекте тілге бірінші болып оралатын ғалымның бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор – Мүсілім Базарбаев. Себебі ол осы кезеңде, нақтырақ айтсақ 1980-1985 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директоры қызметін атқарады. 1956-1961 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты директорының орынбасары, 1961-1970 жылдары да Әуезов есімі берілген ғылыми институттың басшысы болды. Ғалымның алаш арыстарының, соның ішінде Шәкәрімнің әдеби мұраларын ақтауға бар күш жігерін сала қызмет еткенін артында қалаған ғылыми еңбектері айғақтайды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ өлеңіне мол үлес қосқан, Абай поэзиясының дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығамалары жөнінде өткен ғасырдың басында ақ сөз бола бастаған. С. Ғаббасов 1915 жылы «Айқап» журналына жариялаған өзінің «Тарих қазақ жайынан» мақаласында Шәкәрімді бұл күнде милләтіне қаламымен қызмет қылып жатқан құрметті, аса қадірлі деп баға берген. Ал жалпы шәкірімтанудың басында С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқановбе сынды белгілі әдебиет қайраткерлері тұраы даусыз. 1935 жылы шыққан «Еңлік-Кебек» дастаны С. Сейфуллиннің алғы сөзімен шыққан еді. Ақын мұрасы ресми ақталмаған соң зерттеушілер оған әлсін-әлсін соғып отырды. Мәселен, 1967 жылы шыққан М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты жинағындағы «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласы бар. Онда М. Әуезов Ақылбай, Мағауия, Көкбай және Шәкәрімді Айбайдың төрт шәкірті ретінде ерекше атап өтеді. «Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір үлкен себеп, бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектеп сияқты болады. Және бір ерекшелік бұл төртеуі де әңгімелі жырлар жазады [1, 244]. Осыдан кейін ғалым шәкірттердің поэмаларын сөз етеді. Осы ойды Қ. Мұхаметханов та сабақтай білген. Кеңестің дәуірдің керітартпа саясаты салдарынан Шәкәрімнің шығармашылығы зерттелуі былай

тұрсын, оның атын атауға тыйым салынды. Сол себептен бұл тақырыпқа зерттеушілер бара қоймаған еді. Алайда белгілі әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы Мүсілім Базарбаев сол қиындыққа қарамай басын бәйгеге тіккен ғалымның бірі.

М. Базарбаев өзінің докторлық диссертациясын «Қазақ поэзиясындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдық» деген тақырыпта қорғады. Ғылыми жұмысының әуелгі тарауларында Шәкәрім жайлы зерттеулерін енгізген. Жеке мұрағатында «Докторлық диссертация мәселелері, сілтемелер, автореферат» деген бумасында диссертациялық жұмысына қатысты материалдар топтастырылған. Онда авторефераттың алғашқы (1969) және соңғы (1970) нұсқалары, жұмысқа берілген пікірлер, авторефераттың Кеңес Үкіметі құрамындағы 45 елге таратылған тізімі (реестр), жеке іс қағазы, т.б. құжаттар сақталған. Сонымен бірге авторефераттың 100 беттік қолжазбасы және осы авторефераттың 126 беттік соңғы нұсқасы да сақталған. Жалпы жұмыс 554 беттен тұрады. Бұл аталғандар жұмыстың алғашқы тараулары деп топшылауға болады. Ғалым жайлы зеттеу жасаған филология ғылымдарының докторы Гүлжанан Орда екі нұсқаны салыстыра отырып былай деп жазады: «Алғашқы нұсқаның 57-66 беттері Ш. Құдайбердиевтің шығармашылығына арналған. Автор Шәкәрімді Абай дәстүрін жалғастырушы екендігін оның шығармалары арқылы көрсетіп, сонымен бірге ақынның шығармашылығына талдау жасаған. Автореферат орыс тілінде жазылғандықтан ақынның талдау негізіне алынған өлең жолдарына жолма-жол аударма жасалып отырған. Соңғы нұсқадан Шәкәрімнің шығармасы түгілі аты да алынып тасталған. Авторефераттың соңғы нұсқасы деп отырғанымыз, мұнда бас аяғы тұтас, соңында осы тақырып бойынша жарияланған мақалалар тізімі берілген» [2, 225-226]. Соңғы нұсқада ақынның шығармашылығы турасындағы зерттеуінің болмауы, сол кездегі тыйымға қатысты болса керек. Ресми ақталғынымен, түрлі жалалар жабылып жатуы себепті қысқартылған деп топшылаймыз. Ал талдаған өлең жолдарының аудармасын орыс тіліндегі ғылыми ортаға ұғынықты болуы үшін жолма-жол беріп отырған. Мәселен:

«Жолама қулар маңайға,
Не қылмадың талайға!
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға!

Не касайтесь меня льстецы
Чего вы только не сделали!
Кто вам будет по душе
Раз даже Абая обрекли на муку!» [3, 59].

Ғылыми еңбектің 57-66 беттері Шәкәрім шығармашылығына арналған деп жоғарыда атап өттік. 57-бетінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының ірі өкілдері ретінде Ш. Бөкеев, О. Қарашев, Б. Күлеев, М. Көпеев, Ш. Құдайбердіұлын атап өтеді де «среди них можно выделить творчество Ш. Құдайбердиева» деп оның шығармашылығына талдау жасайды. «Как и Абай, Ш. Кудайбердиев хорошо был знакам с мировой культурой. Все это наложило определенный атпечаток на его творчество» [3] деген ойын ақын өлеңдерін талдаумен әрі қарай тарқатады.

М. Базарбаев Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық лирикаға жақсы үлес қосқанын айтады, қазақ поэзиясындағы табиғат лирикасына қосқан үлесін де жоғары бағалайды. Сондай-ақ әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен сусындағанын ақынның келесі өлең жолдары арқылы дәлеледейді:

«Оятқан мені ерте шығыс жыры,
Айнадай әсем болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін ұғынумен
Надандықтың тазарып кетті кірі.
Танбаймын шәкіртімін Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы «кәпір» қойдың.
Жанымен сүйді әдебиет, ардың жолын
Сондықтан ол иесі терең ойдың!» [3, 60].

М. Базарбаевтың Шәкәрім шығармашылы жөніндегі зерттеулерінің дені оның екінші рет ресми ақталғаннан кейінгі тоқсаныншы жылдары жарыққа шықты. «Новая встреча с поэтом» атты мақаласында оның араб, парсы, түрік тілдерін жетік білгендігі туралы, шығыс поэзиясынан Низами, Физули, Хафиз, орыс әдебиетінен Пушкин, Лермонтов, Толстой шығармаларымен сусындағаны, қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жалғағаны, Батыс еуропа мен орыс философиясымен танысып, Шығыс пен Батыстың көркем мәдениетін біріктіре білгендігі, қазақ әдебиетін поэзия, проза, эссе, дастан, аударма, қара сөз, шежіре секілді түрлі жанрлармен байытқанын айтады. Зерттеуші алғашқылардың бірі болып аталған проблемаларға үн қата білді және мақала да сонысымен құнды деп ойлаймыз. Ақынның шығармашылығы жөніндегі ғалымның тиянақты зерттеулері кейінгі жылдары жарыққа шыққан «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Казахская поэзия: художественные искания» (1995), «Замана тудырған әдебиет» (1997, 2005) атты еңбектерінде кеңінен баяндалды.

М. Базарбаевтың «Замана тудырған әдебиет» атты еңбегіне тоқталсақ. Онда зерттеуші «Шәкәрім ақын» атты мақаласы арқылы ақынның шығармашылығын ақтау жолында қазақ әдебиет зерттеушілерінің ерлікке пара пар еңбектерін айта келіп, осы зерттеудің жалпы сұлбасы ширек ғасыр бұрын, яғни 1969 жылы жазылғанына хабар береді. Бұл зерттеушінің Шәкәрім алғашқы ақталған кезеңі 1966-1969 жылдардың өзінде-ақ батыл түрде қадамдар жасап, біршама зерттеу жүргізгенін, оны бірнеше жылдар бойы жасырын болса да толықтырып, жетілдіріп отырғанын дәлелдейді. Қазақ поэзиясына Абай әкелген дәстүрді жалғастырған, оны көптеген көркем жаңалықтармен байытқан Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын жанрларға бөле отырып, олардың қазақ өлеңіне әкелген қолтаңбасы жөнінде ой бөліседі. Ұлттық сөз өнеріне Абай алып келген сыншыл реализм бағытын ұстанған ақын қараңғылықтан арыла қоймаған қазақтың қалайда көкірек көзін ашуды көздейді. Оны өзінің өмірлік ұстанымы, ақындық және азаматтық парызы санағанын келесі өлең жолдары арқылы дәлелдейді.

Мысалы:

Білгенімді жазушы ем,
Бекем буып белімді.
Мінін айтып қазушы ем,
Түзетпек боп елімді.

немесе:

Мен жетелеп өлемін
Өрге қарай қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты ...

Осы өлең жолдары ақынның елін сүйген нағыз ер екендігін, ұлтын ұлықтауға бар өмірін арнағандығын айқындайды. Сонымен бірге неше ғасыр жайлаған надандықтан арылу оңай олжа еместігін, күрестен қашып, мүжілгендігін ақын «Менің де көп жаралы жүрегім бар, Надандықтан қираған сүйегім бар» деп білдіреді. Абай секілді халықты, әсіресе жастарды ғылым мен білімге шақырудан шаршамайды.

Шәкәрім ғылым мен ғалым адамының қоғамдық өмірдегі орынын адал еңбек пен ізденудің арқасында ғана айқындалатындығын, білім халықтың игілігіне жұмсалғанда ғана игілікті іс екендігін өзінің әрбірі өлең жолдарында насихаттап отырады. Еңбекке деген жаңаша көзқарасты осындай ойлы өлеңдері арқылы орнықтырған ұлы тұлғалар Абай, Ыбырай, Шәкірім және т.б. «Еріншек, ашу, құмарлық – жамандықтың басы» деп ой түйеді. Адам мінезіндегі жамандықтың негізгі белгілерін дұрыс сынап білген ақынның ойшыл, философ болуының тамыры ой-танымының тереңдігінде болса керек. Елдің келешегіне, ғылым мен білімге, жастарға артар үміті мол ақын былай дейді:

«Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын
Өкініші қалмайды кетсе ағатың
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артымда адам аты» [4, 234].

Осы орайда зерттеуші М. Базарбаевтың келесі бір пайымы ақын шығармашылығына берілген шынайы баға деуге болады: «Шәкәрім Құдайбердіұлы адам, оның орны мен қызметі, ісі, қылығы жайында, ақыл мен ой жайында, көңі мен жүрек, түйсік, сезім жайында, жақсы мен жаман, адалдық пен арамдық, түзулік, қулық, ақтық сияқты мәселелер туралы көп философиялық толғаныстар, тебіреністер жасаған. Өрнек, сурет, бейнелеу әдістері анық реалистік әдебиеттің қалпын байқатады. өлең өлшемдері сан алуан өзгеріп, құбыла, құлпыра түседі» деп бағалайды» [4, 234].

Нәтижелер. Біз сөз етіп отырған еңбегінен М. Базарбаевтың өлең сөздің қыр-сырына жетік ғалым екенін анық аңғарамыз. Шәкәрім шығармаларының тақырыптық, мазмұндық мәнін терең талдаумен қатар, көркемдік әлемін жете зерделейді. Шәкәрім шығармаларындағы тіл мен ой шұрайлығы, сөз тіркестеріндегі кестелі өрнектер, бейнелеу шеберлігі зерттеуші назарынан тыс қалмайды. Зерттеуші ақынды «Қозғаған тақырыптары мен оны шешеу, түбіне терең бойлау жағына келгенде жақсы дәстүрлермен қатар біраз жаңашылдық қалыпты да білдіреді. Адам көңілі, табиғат жайлы, сұлулық, көркемдік, махаббат жайындағы лирикаларында Шәкәрім қазақ поэзиясын тың сурет, бейнелермен, сонғы сөз, теңеулермен байытқан» дейді. Шәкәрім поэзиясындағы өлең ұйқастарын түрлі сандық схемаға салып саралайды (схема көрсету). Зерттеуші ондағы ой екпіні мен ырғақ екпінінен жырдың поэтикалық қуатының артатынын, өзгеше бір өрнек алатынын айтады. Мұның бәрі ақынның жаңа заманға сай жаңаша ой айта білгендігін және жаңаша түр таба білгендігін көрсетеді.

Шәкәрім шығармашылығының өнімді саласының бірі – поэмалары. М. Базарбаев оның поэмаларының негізгі ерекшелігі кесек мінездер қақтығысы, күтпеген түрлі оқиғаларға бай болуында, басты кейіпкерлер тағдырының үнемі трагедиялық жағдайда өтетіндігінде екендігін айтады. «Қазақ әдебиетінде Шәкәрім – сюжеттік поэма жрнын дамытқан шебер ақын. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларында оның ақындық дарыны айрықша көрінеді. Ертегі, аңыз болып кеткен трагедиялық сюжеттерді алып, көркемдігі жоғары туындылар жасады. Бір жағынан қазақ қауымына жетерліктей түсінікті тілмен (ескі қисса, жыр үлгісін қолдана отырып), екінші жағынан шиеленіскен, шытырман оқиғалы сюжет құрып, бұрынғы ұзыннан ұзақ толғау сипаттас жырға түбірлі жаңалық енгізді» деп бағалайды [4, 266]. Зерттеуші «Замана тудырған әдебиет» атты еңбегінде ақын мұрасын тұтастай қарап, оның қазақ өлеңіне қосқан өзіндік өрнектерін айқындап берген. Мұнда сонымен қатар М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Шәймерденов секілді қаламгерлердің шығармашылығы туралы да теориялық талдаулар жасағанын да айта кетейік.

Қорытынды. М. Базарбаев кеңес дәуірі кезінде ақынның өмірі мен шығармашылығын жете зерттеген ғалым. Компартияның қызыл саясаты күшіне мініп тұрған шақта ғалым Құдайбердіұлын зерттеуге бара алды. Шәкәрім шығармашылығы туралы жазылған зерттеулердің дені тоқсаныншы жылдардан бергі уақытты қамтиды. Ал әдебиеттанушы М. Базарбаевтың зерттеуі сонау алпысыншы жылдардың жемісі. Міне, осылайша оның батылдығы мен тыңнан түрен салған зерттеушілік қырына тәнті боласың. Бүгінгі шәкәрімтанудың қайнар көзі мен бастауын іздегенде олардың қатарынан М. Базарбаев есімінің аталғаны жөн. Бұл тарих алдындағы азаматтық борыш, ғылымға деген әділ көзқарасдеген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 389 б.

2. Орда Г. Мүсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылымының мәселелері. – Алматы: Арда, 2010. – 368 б.
3. Базарбаев М. «Докторлық диссертация мәселелері, сілтемелер, авторефераттар» деген папка (М. Базарбаевтың жеке мұрағатында сақтаулы)
4. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.

С. БАТАН

ЕНУ им. Л.Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЯ МУСЛИМА БАЗАРБАЕВА О ШАКАРИМЕ

Аннотация. Главной задачей казахского литературоведения восьмидесятых годов прошлого века было всестороннее изучение и переиздание литературного наследия алашских деятелей. В это же время начались фундаментальные исследования наследия Ш. Кудайбердиева. Однако литературовед М. Базарбаев одним из первых, кто обосновал наследие поэта в 60-е годы XX века. На протяжении нескольких лет ученый дополняет и совершенствует свои исследования о Шакариме. В статье рассматриваются материалы и исследования личного архива М. Базарбаева. Исследователь выносит смелые научные суждения о творчестве поэта, обосновывая это примерами из его стихов.

Ключевые слова: поэзия, литературоведение, Шакарим, Муслим Базарбаев.

S. BATAN

ENU named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

RESEARCH OF MUSLIM BAZARBAYEV ABOUT SHAKARIM

Annotation. The main task of the Kazakh literary criticism of the eighties of the last century was a comprehensive study and reprinting of the literary heritage of the Alash figures. At the same time, fundamental research began on the legacy of Sh. Kudaiberdievich. However, the literary critic M. Bazarbayev was one of the first to substantiate the legacy of the poet in the 60s of the twentieth century. For several years, the scientist has been supplementing and improving his research on Shakarim, albeit anonymously. The article deals with the materials and researches of the personal archive of M. Bazarbayev. The researcher makes bold scientific judgments about the poet's work, substantiating this with examples from his poems.

Key words: poetry, literary criticism, Shakarim, Muslim Bazarbayev.

References

1. Aujezov M. Abaj Kunanbaev. Stat'i i issledovaniya. – Almaty: Nauka, 1967. – 389 s.
2. Orda G. Issledovaniya Muslima Bazarbaeva i problemy literaturovedeniya. – Almaty: Arda, 2010. – 368 s.
3. Bazarbaev M. Papka «Zadachi doktorskoj dissertacii, ssylki, avtoreferaty» (hranitsja v lichnom arhive M. Bazarbaeva)
4. Bazarbaev M. Sovremennaja literatura. – Almaty: Nauka, 1997. – 504 s.

Автор жайлы мәлімет:

Батан Сунхарбек – докторант, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Батан Сунхарбек – докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

Batan Sunkharbek – doctoral student, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.
– 2021. – 3. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 92 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.